

АННОТАЦИЯ

6D042100 – «Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған, Ембергенова Динара Алиевна орындаған «Қазақстанның көркем фильмдеріндегі кеңістіктік модельдердің визуализациялау» тақырыбындағы диссертацияға аннотация.

Бұл пәнаралық зерттеу Қазақстанның көркем фильмдеріндегі кеңістіктік модельдердің визалдау мәселесіне арналған, ол сәулет өнері мен кинотану тоғысында қарастырылады. Бастапқыда физикалық сезілетін және мағыналық мәні бар кеңістікке қатысты сәулет тұжырымдамалары кинематографиялық репрезентацияда визуалды иллюзия деңгейіне трансформацияланады, сонымен қатар физикалық кеңістік формаларының семантикалық шарттылығын сақтайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кинематограф – қоғамның идеологиялық, саяси және мәдени жай-күйін өткір әрі айқын бейнелейтін, адамгершілік құндылықтар мен ұлттың стереотиптерін қалыптастыратын ең заманауи, мобильді және бұқаралық өнер түрі. Кинематографтың дамуы географиялық және технологиялық тұрғыдан біркелкі жүрмегендіктен, бұл сала көшбасшылары мен олардың ізбасарларының қалыптасуына алып келді. Бүгінгі таңда біз үшін 85 жылдық тарихында кеңестік кезеңдегі идеялық-саяси үгіт-насихаттан бастап Тәуелсіз Қазақстандағы еркін көзқарас білдіруге дейінгі түбегейлі өзгерістерді бастан кешірген қазіргі қазақстандық кинематограф мәселелері өзекті болып отыр. Дамуының бастапқы кезеңінде қазақстандық кинематограф кеңестік кезеңнің идеологиялық ұстанымдарына негізделген қайталанатын бейнелермен сипатталса, бүгінде біз әлемдік тәртіп туралы көшпенділердің семиотикалық түсініктеріне сай келетін, ойын кеңістігіне интеграцияланған бірегей ұлттық бейненің қалыптасу үрдісін байқап отырмыз.

Кинодағы кеңістік бейтарап фон болудан қалады – ол семиотикалық, эстетикалық және мәдени мағыналармен толыққан айқын құрылым ретінде әрекет етеді. Бұл үдерісте күшті визуалды, функционалдық және символдық әлеуетке ие сәулет өнері ерекше рөл атқарады. Сәулеттік орта кинематографиялық кеңістіктің физикалық негізі ғана емес, сонымен қатар тарихи нарративтер мен ұлттық бірегейлікті репрезентациялаудың маңызды көзіне айналады. Сәулет әрекет ететін визуалды және мағыналық шеңберді белгілейді, бұл кадр құрылымына, монтаж ырғағына және бейнелерді қабылдауға әсер етеді.

Дәстүрлі көшпелі өмір салтынан кеңестік үлгідегі сәулет жағдайындағы отырықшы тіршілікке көшу кеңістік туралы түсініктердің өзгеруімен қатар жүрді, бұл киноға да әсерін тигізді. Киіз үй мен даланың мобильді, ашық кеңістігін қала мен пәтердің сызықты, реттелген құрылымы алмастырды. Бұл сәулеттік ортаның трансформациялары кино кеңістігін визуализациялау

тәсілдеріне әсер етіп, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік болмысындағы терең өзгерістерді бейнеледі.

Қазіргі қазақстандық кино кеңістікке тұлғалық және ұлттық өзін-өзі тану мәселелерін бейнелеу құралы ретінде жиі жүгінеді. Кадрдағы сәулет шынайылық пен көркем бейне, ұжымдық жады мен жеке қабылдау арасындағы көпірге айналады. Сәулеттік кеңістікті визуализациялау қала бейнелері, мәдени жады және кейіпкерлердің ішкі күйі арасындағы жасырын байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның көркем фильмдеріндегі кеңістікті визалдау ерекшеліктерін зерттеу ұлттық-мәдени мұраны сақтау мен тарату, ұлттық болмысты қалыптастыру және жаһандану мен мәдени кодтарды қайта пайымдау жағдайында елдің жағымды имиджін жасау тұрғысынан өзекті болып табылады. Кинематографтың өзіндік даму жолын қалыптастыру үшін қазақ киносының кеңістік модельдерін зерттеу қажет, олар сәулет пен мәдениеттің жалпы даму үрдістері аясында өмір сүріп келеді – осы диссертацияда сол бағытта талпыныс жасалды.

Зерттелу деңгейі. Зерттеудің теориялық негізін сәулет пен кинематографиядағы кеңістік модельдерін қалыптастыру мәселелеріне, сондай-ақ визуалды кеңістікті мәдени және символикалық феномен ретінде кеңірек зерттеуге арналған еңбектер құрайды. Назар кеңістікті ұйымдастырудағы композициялық қағидаттарға, ұлттық болмысты визуализациялау механизмдеріне және сәулет пен кинода қолданылатын семиотикалық стратегияларға аударылады.

Қазақстандық материалдар контекстінде посткеңестік кезеңдегі кеңістік трансформацияларының ерекшеліктерін, идеологиялық және геометриялық кеңістіктен символикалық және семиотикалық кеңістікке көшу үдерістерін ашып көрсететін зерттеулер ерекше маңызға ие. Аталған дереккөздер Тәуелсіз Қазақстанның сәулеті мен кинематографиясында мемлекеттік репрезентация мен ұлттық шынайылықты іздеу арасындағы күрделі өзара қатынасты бейнелейтін жаңа кеңістік модельдерінің қалай қалыптасып жатқанын бақылауға мүмкіндік береді.

Сәулеттегі кеңістік қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер: Норберг-Шульц К., Раппапорт А.Г., Фрэмpton К., Виппер Б.Р., Иконников А.В., Коломина Б., Флоренский П.А., Линч К., Хан-Магомедов С.О., Самойлов К. И., Шимко В.Т., Рескин Д., Гинзбург М., Палласмаа Ю., Салливан Л., Эко У., Чюми Б., Лефевр А., Колхас Р., Лагодина Е.В., Айзерман П.

Дүниежүзілік кинематографияда кеңістік модельдерін қалыптастыру мәселелері: Садуля Ж., Разлогова К. Э., Кулешова Л.В., Добренко Е. А., Трюффо, Ф., Феллини Ф., Балаш Б., Пазолини П., Скорик Е.А, Делез Ж., Брессон Р., Эльзессер Т., Фуко М., Малви Л., Мехоношин В.Ю., Метц К., Эйзенштейн С. М., Фрейлих С., Базен А., Кракауэр З., Агафонова Н.А.

Ұлттық сәулет тұрғысындағы кеңістік модельдерін қалыптастыру және композициялық шешімдер мәселелері келесі ғылыми еңбектерде көрініс тапқан: Ахмедова А.Т., Сабитов А.Р., Самойлов К.И., Глаудинов Б.А., Бартольд В.В.,

Арнольд М.Ю., Маргулан А.Х., Мендикулов М.М., Капанов А.К., Карпыков А.С., Глаудинова М.Б., Амандыкова Д.А.

Қазақ кинематографиясының қалыптасуы және ұлттық көркем кеңістіктің дамуы келесі еңбектерде бейнеленген: Сиранов К., Боймерс Б., Ногербек Б.Р., Айнагулова К., Алимбаева К., Абикеева Г.О., Мукушева Н., Байгожина А.М., Смаилова И.Т., Ногербек Б.Б., Айдар А.

Кеңістік композициясының семиотикасы мәселелері аясында келесі ғылыми еңбектер қарастырылды: Эко У., Лотман Ю.М., Чертов Л.Ф., Метц К., Барт Р.

Қажет болған жағдайда отандық тарихшылардың, әдебиеттанушылардың, кинокритиктер мен дизайнерлердің іргелі зерттеулері пайдаланылды. Сондай-ақ зерттеуге қажетті кейбір ақпарат газет, журнал және киностудия архивтерінен алынды. Сол сияқты әр жылдары түсірілген және қазақстандық киноның алтын қорына енген отандық көркем фильмдер ғылыми зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде пайдаланылды.

Бұл жұмыста Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі сәулеттік кеңістікті, қазіргі кинематография жағдайын және ұлттық құрылымды талдаумен айналысатын әлемдік теоретиктердің еңбектері қолданылды. Зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес дәстүрлі мәдениетке, философияға, аймақтың мәдениеті мен өнеріне арналған қазақстандық режиссерлердің еңбектері талданды. Ұлт құру – бұл қоғамда белсенді агенттер – «сәулетшілер», «инженерлер» және т.б. бар дегенді білдіретін құрылымдық метафора. Алайда саяси ғылымда қолданылатын бұл термин тек мемлекеттік басшылар бастамашылық ететін саналы стратегияларды ғана емес, сонымен қатар ұлт құру бағдарламаларын іске асыру барысында орын алатын, соның ішінде мәдениет пен өнер саласында да байқалатын, жоспарланбаған әлеуметтік өзгерістерді де білдіреді, ал бұл саланың маңызды құрамдас бөлігі – кинематограф.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстанның көркем фильмдерінде әртүрлі даму кезеңдерінде – кеңестік және Тәуелсіздік кезеңдерінде – кеңістік модельдерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау және теориялық тұрғыда негіздеу. Экрандық кеңістіктің қалыптасуына әсер ететін негізгі үрдістер мен факторларды анықтау және оның болашақтағы эволюциясының ықтимал бағыттары жөнінде болжамдар жасау.

Зерттеу міндеттері.

– ғылыми және теориялық еңбектерді зерттеу негізінде сәулет пен кинематографияда жиі кездесетін кеңістіктің негізгі түрлерін анықтап, оларды жіктеу. «Сәулеттік кеңістік» және «кеңістік моделі» ұғымдарын тұжырымдау;

– көркем фильмдердегі кеңістік шешімдерінің даму кезеңдерін анықтап, сәулеттік және кинематографиялық кеңістіктер арасындағы әлеуметтік-мәдени үдерістермен шартталған типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау;

– сәулет пен кинематографиядағы визуалды баяндаудың негіздерін вербалды емес коммуникация түрлері ретінде зерттеу, архитектура тілі мен кино тілін салыстыруға мүмкіндік беретін талдау әдістері мен негізгі өлшемдерді таңдау;

– идеологиялық контекстке байланысты Қазақстан фильмдеріндегі кинематографиялық кеңістіктің қалыптасу ерекшеліктерін, бұл контексттің қазақстандық кинода метафоралық тілдің пайда болуына әсер ететін шарт ретінде қарастыру;

– 1930–1960-жылдардағы қазақстандық кинода символикалық кеңістіктің қалыптасу үдерісін және оның билік пен ұлттық болмысты визуалды бейнелеумен байланысын талдау;

– 1960–1991 жылдар аралығындағы қазақстандық фильмдерде метафоралық кеңістіктің қалыптасу ерекшеліктерін сипаттау;

– тәуелсіз Қазақстан кинематографиясындағы кеңістік моделінің трансформациясын тоқырау кезеңінен қайта пайымдауға, көркемдік ізденістерге және жаңа визуалды еркіндікті меңгеруге өту ретінде талдау;

– Қазақстан фильмдеріндегі кинематографиялық кеңістіктің қалыптасу ерекшеліктерін идеологиялық контекстке байланысты анықтау;

– тәуелсіз Қазақстандағы сәулет пен көркем кинематографияның кеңістік дамуы бағыттары мен ырғақтарындағы алшақтықтарды тіркеу және талдау, осы екі салада жаңа бейнелер мен визуалды тілдердің қалыптасуын айқындау;

– қазақстандық кинематографиядағы жаңа болмысты және мәдени өзін-өзі ұйымдастыруды іздеудің көрінісі ретінде неотрадициялық кеңістік моделінің қалыптасуын талдау; жүргізілген талдау негізінде қазіргі қазақстандық көркем кинода кеңістікті визуализациялау дамуының негізгі үрдістерін анықтау.

Зерттеу нысаны. Кеңестік кинематографияның қалыптасу кезеңінен бастап тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына дейінгі кезеңдегі Қазақстан кинематографиясындағы көркем кеңістік, визуалды шешімдер мен кеңістік модельдерінің эволюциясы аясында.

Зерттеу пәні. Қазақстан киносындағы кеңістіктік модельдер бейнелі және метафоралық баяндау құралы ретінде.

Зерттеудің ғылыми гипотезасы Қазақстанның көркем фильмдеріндегі ойын кеңістігін визуализациялауға әлемдік тәртіп туралы семиотикалық түсініктер айтарлықтай әсер етеді деген тұжырым алынады, бұл ерекшелік тарихи-мәдени және өңірлік факторлармен анықталады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдіснамасы тарихи, салыстырмалы, композициялық және семиотикалық талдауды біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Сәулет нысандары формальды-стилистикалық, функционалдық және кеңістіктік талдау арқылы зерттеледі, ал кинодағы кеңістікті визуализациялау кадрдың визуалды және семиотикалық талдауы (композиция, жарықтандыру, түс, монтаж) арқылы зерттеледі. Материал авторлық, тәуелсіз және сәйкестік модельдеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, 1930-1991 және 1991-2025 жылдар аралығындағы кезеңдер бойынша құрылымдалған. Зерттеу визуалды кеңістікті талдаумен шектелген және жанрлық, сценарийлік және актерлік компоненттерді толық қамтымайды.

Зерттеу шектері. Зерттеу 1960 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңмен шектеледі және Қазақстанның көркем кинематографиясындағы кеңістікті визуализациялауды композициялық, семиотикалық және кеңістікті қабылдауды

калыптастыратын басқа да құрамдас бөліктерін кешенді түрде зерттеуге арналған.

Зерттеу нәтижелерінің Бұл зерттеудің жаңалығы сәулет және киноның көрнекі тілінде кеңістікке санат ретінде кешенді көзқараста жатыр. Алғаш рет Қазақстандағы сәулет және экрандық кеңістіктік модельдердің эволюциясы олардың тарихи және идеологиялық динамикасында – теориялық негіздерден бастап қазіргі заманғы бейнелеу формаларына дейін бақыланды.

Бұл жаңалықтар келесідей көрініс табады:

- кеңістіктердің пәнаралық типологиясы әзірленді және негізгі тұжырымдамалар нақтыланды;
- сәулеттік трансформациялармен салыстырғанда экрандық кеңістіктің кезеңдеуі (1930–2025) анықталды;
- сәулет және кинодағы көрнекі баяндауды талдаудың бірыңғай әдісі ұсынылды;
- кинематографиялық кеңістіктің қалыптасуына идеологиялық парадигмалардың әсері көрсетілді;
- "символдық кеңістік" (1930–1960 жылдар) және "метафоралық кеңістік" (1960–1991) ұғымдары енгізілді;
- кеңестік дәуірден кейінгі кинодағы кеңістіктік модельдердің трансформациясы сипатталды;
- тәуелсіз Қазақстандағы сәулет және кинолық кеңістіктің асинхронды дамуы ашылды;
- қазіргі заманғы киноның «нео-дәстүрлі кеңістіктік моделі» негізделді.

Зерттеу қазақстандық киноның визуалды сәйкестігін анықтайтын кеңістіктік бейнелеудің жаңа формаларын ашады. **Диссертацияның құрылымы.** Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен тұрады, олардың әрқайсысы үш кіші бөлімшеге бөлінген және нәтижелермен, қорытындылармен, библиографиямен және қосымшалармен бірге жүреді.

Жұмыстың апробациясы.

Диссертацияның негізгі тұжырымдамалары ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда 4 мақала, Scopus компаниясының мәліметтер базасына кіретін, импакт-факторы нөлден жоғары халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала жарияланды, халықаралық конференцияларда баяндалды.

Докторлық диссертация Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, ашық қорғауға ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Зерттеу бағыты аясында «сәулеттік кеңістік» және «кеңістік моделі» ұғымдары айқындалып, олардың қалыптасу және визуализациялануындағы ортақ және ерекше белгілері ашылды.

2. Кеңістікті қалыптастыру мәселелеріндегі кеңестік сәулеттің үстемдігі Қазақстанда ерекше семиотикалық кодтың пайда болуына алып келді, бұл сырттан енген сипатқа қарамастан, визуалды ортаның ажырамас бөлігіне

айналып, ұлттық кинематографияның бастапқы кезеңдеріне әсер етіп, кино өнерінде қазақ болмысының өзіндік негізін қалыптастырды.

3. Кеңестік Қазақстандағы сәулет пен кинематографиядағы кеңістік модельдерін семиотикалық және композициялық талдау олардың ортақтығын көрсетеді, бұл мемлекет тарапынан жүргізілген орталықтандырылған идеологиялық бақылаумен шартталған және кеңістікті дамытудың бірыңғай бағытының қалыптасуына ықпал еткен, ол өз кезегінде басым социомәдени ұстанымдарды бейнеледі.

4. Посткеңестік Қазақстандағы идеологиялық бақылаудың салыстырмалы түрде әлсіреуі сәулет пен кинематографиядағы кеңістіктік шешімдерде ұлттық формалардың пайда болуына ықпал етті, алайда кеңістік мазмұнының дамуы көбіне бұрынғы траекториялар бойынша жалғасып отырды.

5. Кинематографиядағы «қазақ жаңа толқыны» Қазақстанның қазіргі кино тілінің іргелі негіздерін қалады, кеңестік кезеңде қалыптасқан кеңістік модельдерін жаңа көркемдік және мағыналық міндеттер призмасы арқылы трансформациялап, қайта пайымдады.

6. Қазақстандық кинематографиядағы кеңістік модельдерінің қазіргі даму кезеңі жалпы кеңістіктен жеке кеңістікке көшу және кейбір дәстүрлі кеңістік архетиптерінің қайта жандануы арқылы сипатталады, бұл жаңа «нео-дәстүрлі» кеңістік моделінің қалыптасуына алып келеді.

7. Тәуелсіз Қазақстанның көркем фильмдеріндегі кеңістіктерде дәстүрлі кеңістік модельдерін қазіргі контексте меңгеру және қайта пайымдау арқылы бірегей ұлттық эстетиканың қалыптасуы Қазақстанды жаһандану жағдайында әлемдік аренада визуалды бренд ретінде танытуда шешуші рөл атқарады. Нео-дәстүрлі мәдениеттің бұл қалыптасу үдерісі әрі қарай тереңдетілген әдіснамалық талдауды қажет етеді.